

«Шәкәрім атындағы №56 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК

8-11 сынып ата-аналарының жиналысының хаттамасы

Хаттама №2

Күні: 18.10.2024

Қатысқандар:

1. Мектеп әкімшілігі - 4

2. Ата-аналар - 29

Күн тәртібінде:

1. Құқықбұзушылықтың алдын алу. Мектеп директорының уақытша м.а. Кемелбекова Ж.С.
2. Заң алдындағы жауапкершілік. Құқық қорғау қызметкері
3. Бала қауіпсіздігі (әлеуметтік желі, буллинг). Мектеп психологі Жаппашева А.Р.
4. Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстар. ДТЖЖО Жунусов Д.К.

Тыңдалды. Күн тәртібіндегі **1-мәселе** бойынша мектеп директорының уақытша м.а. Ж.С.Кемелбекова алды. Бүгін біз әрқайсымызға қатысты өте маңызды тақырыпты талқылау үшін жиналып отырмыз. Соңғы уақытта жастар арасында жанжалдар мен заңға қайшы әрекеттер көбейіп барады. 2024 жылдың 6-9 қазан күндері №86, 51, 52, 53, 37, 64, 74 мектептерінің оқушылары мен колледж студенттері арасында қақтығыстар болды.

Біз кейде эмоцияларымыздың басым түсетінін түсінеміз, бірақ кез келген зорлық-зомбылық, заң бұзушылық немесе қауіпті жағдайларға қатысу ауыр зардаптармен аяқталатынын есте сақтау керек. Бұған тек адамның өзі ғана емес, оның отбасы да жауап береді.

Ата-аналардың жауапкершілігі: Ата-аналар балаларын дұрыс тәрбиелемеуі үшін жауапкершілікке тартылады. Егер бала жанжалдарға қатысса немесе заң бұзса, бұл ата-аналарға да әсер етеді және оларға қатысты да шаралар қабылданатындығын айтты. (Толық №1 қосымшада)

2-мәселе бойынша жауапты құқыққорғау қызметкері, участкелік полиция келмеді.

3-мәселе мәселе бойынша мектеп психологі сөз алды. А.Р.Жаппашева балалардың аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу, қылмыстық жолға түсу себептерін талқылады. Балалармен қалай сөйлесу керектігін, олардың сенімді адамына айналу жолдарын талқылады. (Толық №3-қосымшада)

4-мәселе бойынша директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Д.К.Жунусов сөз алып, мектепте құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілген жұмыстар туралы баяндады. Буллингтің алдын алу бойынша сынып сағаттарының жүйелі түрде өтілетінін, құқыққорғау органдарының қызметкерлерімен бірлескен дәрістер оқылатынын, жекелеген сыныптарға құқықбұзушылықтың салдары туралы ағарту жұмыстарының жүргізілетінін баяндады. (Толық №4 қосымшада)

Шешім:

1. Мектеп оқушылары арасында қақтығыстардың алдын бойынша ата-аналарға ағарту жұмыстарын жүргізу жалғасын тапсын.
2. Оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, ата-ана жауапкершілігін арттыру мақсатында №506 бұйрық таныстырылып, қауіпсіз әрі-қолайлы орта құру құруға бағытталған мектеп жұмыстары күшейтілсін.
3. Мектепшілік есепке қандай жағдайда қойылатындығы жөнінде №61 бұйрық таныстырылып, ата-аналарға ақпарат жұмыстары берілсін.
4. Оқушылар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында кеңестер беріліп, «Өнегелі 15 минут» жобасы аясында күнделікті баламен тілдесу, әңгімелесу жұмыстары ата-аналар тарапынан күшейтілсін.

Мектеп директорының уақытша м.а

Хатшы



**Ж.С.Кемелбекова
Д.К.Жунусов**